

Торайғыров университетінің
ҒЫЛЫМИ ЖУРНАЛЫ

НАУЧНЫЙ ЖУРНАЛ
Торайғыров университета

ТОРАЙҒЫРОВ УНИВЕРСИТЕТІНІҢ ХАБАРШЫСЫ

Педагогикалық сериясы
1997 жылдан бастап шығады



ВЕСТНИК ТОРАЙҒЫРОВ УНИВЕРСИТЕТА

Педагогическая серия
Издается с 1997 года

ISSN 2710-2661

№ 4 (2025)

Павлодар

НАУЧНЫЙ ЖУРНАЛ
Торайгыров университета

Педагогическая серия
выходит 4 раза в год

СВИДЕТЕЛЬСТВО

о постановке на переучет периодического печатного издания,
информационного агентства и сетевого издания

№ KZ03VPY00029269

выдано

Министерством информации и коммуникаций
Республики Казахстан

Тематическая направленность

публикация материалов в области педагогики,
психологии и методики преподавания

Подписной индекс – 76137

<https://doi.org10.48081/UWEH8749>

Бас редакторы – главный редактор

Тулекова Г. М.

доктор PhD, профессор

Заместитель главного редактора

Жуматаева Е., *д.п.н., профессор*

Ответственный секретарь

Попандопуло А. С., *доктор PhD, профессор*

Редакция алқасы – Редакционная коллегия

Мағауова А. С.,

д.п.н., профессор

Бекмағамбетова Р. К.,

д.п.н., профессор

Самекин А. С.,

доктор PhD, ассоц. профессор

Син Куэн Фунг Кеннет,

д.п.н., профессор (Китай)

Желвис Римантас,

д.п.н., к.псих.н., профессор (Литва)

Авагян А. В.,

д.п.н., ассоц. профессор (Армения)

Томас Чех,

д.п.н., доцент п.н. (Чешская Республика)

Шокубаева З. Ж.,

технический редактор

За достоверность материалов и рекламы ответственность несут авторы и рекламодатели

Редакция оставляет за собой право на отклонение материалов

При использовании материалов журнала ссылка на «Вестник Торайгыров университета» обязательна

FTAMP 14.07.09

<https://doi.org/10.48081/NGVX2419>***Б. К. Жумакельдина**

Ә. Марғұлан атындағы Павлодар педагогикалық университеті,
Қазақстан Республикасы, Павлодар қ.

ORCID: <https://orcid.org/0009-0007-0922-3007>

*e-mail: baglana@bk.ru

**ЖОҒАРЫ БІЛІМДІ ИНТЕРНАЦИОНАЛДАНДЫРУ
ЖАҒДАЙЫНДА СТУДЕНТТЕРДІҢ КӘСІБИ
ҚҰЗІРЕТТІЛІГІН ҚАЛЫПТАСТЫРУ**

Бұл мақалада жоғары білімді интернационалдандыру жағдайында студенттердің кәсіби құзіреттілігін қалыптастыру процесі қарастырылады. Интернационалдандыру академиялық ұтқырлықты дамытуды, оқытудың халықаралық стандарттарын енгізуді және бәсекеге қабілеттілікті арттыруды көздейтін білім беру жүйелерін жаһандық кеңістікке біріктіру процесі ретінде түсіндіріледі. Кәсіби құзіреттілік студенттердің кәсіби міндеттерді, әсіресе мәдениетаралық ортада тиімді шешуге қабілеттілігін қамтамасыз ететін білім, дағдылар мен жеке қасиеттердің жиынтығы ретінде анықталады. Мәдениетаралық коммуникацияны, коммуникативтік және цифрлық құзіреттілікті дамыту маңызды орын алады, бұл әртүрлі мәдениеттер мен технологиялар жағдайында жұмыс істеуге дайын мамандарды даярлауға ықпал етеді. Студенттердің кәсіби құзіреттілігін қалыптастырудың рөлін зерттеу, әлемдік кеңістікке бағытталуына жағдай жасау, болашақта білім беру бағдарламаларын даму жолдарын анықтауға және мәдениетаралық қарым - қатынасты нығайтуға негіз болады.

Жоғары білімді интернационалдандыру халықаралық, мәдениетаралық және жаһандық деңгейде университеттердің негізгі функцияларын біріктіруге бағытталған стратегиялардың бірі болып табылады. Ғылыми зерттеулер мен халықаралық серіктестерынтымақтастығы және шетелдік университеттермен бірлескен білім беру бағдарламаларын құру саласында әрекеттесуін кеңейтуге жаңа мүмкіндіктер ашады. Студенттерді кәсіби даярлауға және осы жағдайларда құзіреттерді қалыптастыруға

арналған қазақстандық және шетелдік авторлардың ғылыми әдебиеттеріне ерекше назар аударылды. Студенттерді халықаралық кәсіби қоғамдастыққа сәтті интеграциялау үшін қажетті құзіреттердің негізгі түрлері талданды. Сонымен қатар студенттердің құзіреттерін кешенді дамытуда мәдениетаралық, тұлғаға бағытталған, проблемалық - бағдарланған және әлеуметтік – мәдени сияқты педагогикалық тәсілдерді қолданудың маңыздылығы атап өтілді.

Кілтті сөздер: кәсіби құзіреттілік, жоғары білімді интернационалдандыру, интернационалдандыру, мәдениетаралық құзіреттілік, академиялық ұтқырлық, мәдениетаралық коммуникация, кәсіби қызмет.

Кіріспе

Қазіргі таңда жоғары білім беру жүйесін интернационалдандыру әлемдік білім кеңістігінің негізгі бағыттарының бірі болып табылады. Бұл үрдіс Қазақстанның жоғары оқу орындарына да тікелей әсер етуде, себебі халықаралық ынтымақтастық пен көпмәдениетті ортада жұмыс істеу қабілеті болашақ мамандардың кәсіби даярлығының маңызды көрсеткіші ретінде қарастырылады.

Білім беру мекемелерінің халықаралық ынтымақтастығының тұрақты кеңеюіне байланысты оқытудың жаңа тәсілі қалыптасып, студенттердің кәсіби құзіреттілігі шешуші мәнге ие болуда.

Жоғары білім беруді интернационалдандыру процесінде мәдениетаралық коммуникация, көпұлтты ортада жұмыс істеу қабілеті, оқуға дайындық және кәсіби ұтқырлық тәрізді құзіреттерді қалыптастыруға ерекше назар аударылады. Бұл қазіргі заманғы түлектердің жаһандық бәсекелестік пен мәдениетаралық өзара іс-қимыл жағдайында жұмыс істеу қажеттілігіне жиі тап болатындығына байланысты. Университеттер әлемдік қоғамдастықтың өзгермелі жағдайларына бейімделе алатын кадрларды даярлауда маңызды рөл атқарады [1, 112–118-бб.].

Жоғары білім беруді интернационалдандыру әлемдік еңбек нарығында түлектердің бәсекеге қабілеттілігін арттырудың ең маңызды факторы болып табылады. Ол халықаралық білім беру стандарттарын интеграциялауды, академиялық ұтқырлықты кеңейтуді және көптілді, көпмәдениетті, жоғары технологиялық ортада жұмыс істеуге қажетті дағдыларды дамытуды көздейді.

Кәсіби құзіреттілікті қалыптастыру тек педагогикалық міндет ғана емес, сонымен қатар білім беру жүйесін дамытудың стратегиялық бағыты болып табылады.

Жаһандану жағдайындағы кәсіби құзіреттіліктің маңызы

1 Кәсіби құзіреттілік келесі құрамдас бөліктерді қамтиды:

- терең теориялық білім қоры;
- халықаралық еңбек нарығында бағаланатын тәжірибелік дағдылар;
- мәдениетаралық түсіністік пен тілдік қабілеттерді меңгеру;
- еңбек жағдайларындағы өзгерістерге икемді бейімделу мүмкіндігі.

Интернационалдандыру жағдайында бұл қасиеттер ұлттық стандарттар шеңберінен шығып, көпұлтты ортада тиімді жұмыс істеуге, пәнаралық бірігуге және жаңа технологияларды тез меңгеруге дайын болуды ұсынады.

2 Кәсіби құзіреттілікті дамытудың негізгі бағыттары

Коммуникативтік құзіреттілік – табысты академиялық және еңбек ұтқырлығын қамтамасыз ететін шет тілінде кәсіби қарым-қатынасты жүргізу қабілеті.

Шет тілін білу құзіреттілігі – жұмыс мәселелерін шешу барысында, құжаттаманы жүргізу және арнайы ақпаратты іздеу үшін шет тілін қолдану қабілеті.

Мәдениетаралық құзіреттілік – мәдени айырмашылықтарды ескере отырып, әртүрлі елдердің өкілдерімен тиімді өзара әрекеттесуді құру дағдылары.

Академиялық ұтқырлық – әртүрлі кәсіби жағдайларда жұмыс істеуге дайындықты қалыптастыруға ықпал ететін халықаралық алмасуларға, тағылымдамалар мен жобаларға қатысу.

Интернационалдандырудың мамандарды даярлауға ықпалы Оқу үдерісінің интернационалдандырылуы келесі мүмкіндіктерді қамтамасыз етеді:

- халықаралық білім беру стандарттарына (мысалы, EQF) сәйкес білім алу;
- студенттердің Erasmus+, Mevlana, DAAD сияқты академиялық ұтқырлық және қос диплом бағдарламаларына қатысуы;
- жаһандық ойлауды қалыптастыру және ой-өрістерін кеңейту;
- халықаралық онлайн платформалар (MOOC, виртуалды тағылымдамалар) арқылы цифрлық дағдыларды дамыту;
- түлектердің білім сапасын және бәсекеге қабілеттілігін арттыру.

Кәсіби құзіреттілікті қалыптастырудың практикалық механизмдері

Оқу бағдарламаларын интернационалдандыру — халықаралық модульдерді енгізу, пәндерді ағылшын тілінде оқыту, қос диплом бағдарламалары.

Академиялық ұтқырлықты дамыту — халықаралық алмасулар, тағылымдамалар, қысқа мерзімді шетелдік бағдарламалар және виртуалды оқу форматтары.

Мәдениетаралық дағдыларды қалыптастыру — шетелдік студенттермен бірлескен жобалық жұмыс, халықаралық кейстерді оқу үдерісіне енгізу.

Халықаралық серіктестік — шетелдік оқытушыларды шақыру, бірлескен зерттеулер жүргізу, беделді халықаралық басылымдарда жариялану.

Цифрлық сауаттылықты дамыту — жаһандық білім беру платформаларын (Coursera, EdX) пайдалану, виртуалды зертханаларда жұмыс істеу, Big Data және жасанды интеллект технологияларын меңгеру.

Жеке және мансаптық даму — soft skills қалыптастыру, халықаралық еріктілік бастамаларға қатысу, әлемдік еңбек нарығының талаптарына бейімделу.

Кәсіби құзіреттілікті қалыптастыру үдерісі біртұтас және жүйелі болуы қажет. Мұндай тәсіл болашақ мамандардың жаһандық еңбек нарығында бәсекеге қабілеттілігін арттырып, олардың кәсіби және тұлғалық өсуіне негіз болады. Гильен-Иппарагир және Рамирес-Монтоя атап өткендей [2], мәдениетаралық құзіреттілікті дамыту халықаралық білім беру тәжірибесімен және студенттердің мәдениетаралық өзара әрекеттесуге қатысуымен тікелей байланысты. Ли және Махади мәліметтері бойынша, соңғы онжылдықта жоғары білімді интернационалдандыру мәселесі бойынша ғылыми зерттеулердің айтарлықтай өсуі байқалды, бұл еңбек нарығының жаһандануымен және мамандарды кәсіби даярлаудағы мәдениетаралық құзіреттіліктердің рөлінің артуына байланысты [3].

Жалпы алғанда, интернационалдандыру жағдайында кәсіби құзіреттілікті қалыптастыру болашақ мамандардың жаһандық білім беру және еңбек нарығында бәсекеге қабілеттілігін арттырады, олардың мәдениетаралық түсіністігін, бейімделу қабілетін және инновациялық ойлауын дамыта отырып, тұрақты кәсіби өсу мен табысты болуына негіз қалайды.

Академиялық ұтқырлық процестері, халықаралық білім беру бағдарламаларын интеграциялау, шет тілдерін оқыту және оқытудың инновациялық технологияларын пайдалану студенттердің кәсіби құзіреттілігін қалыптастыру үшін қолайлы орта құруға ықпал етеді.

Білімді игеру ғана емес, сонымен қатар студенттердің ынтымақтастық, сыни ойлау және жаһандық мәселелерді шешу қабілеттерін дамыту маңызды. Жоғары білім беруді интернационалдандыру жағдайында студенттердің кәсіби құзіреттілігін қалыптастыруды зерттеудің өзектілігі қоғамның білім сапасын жақсартуға деген қызығушылығының артуына, сондай-ақ жаһандық өркендеу жағдайында міндеттерді тиімді шешуге дайын мамандарды даярлау қажеттілігіне байланысты.

Кәсіби құзіреттілік – бұл тез өзгеретін әлемде кәсіби мәселелерді тиімді шешуге мүмкіндік беретін білім, дағдылар мен жеке қасиеттердің жиынтығы.

Мұғалімнің кәсіби құзіреттілігі қазіргі білім беру жүйесінде шешуші рөл атқарады. Ол кәсіби қызметті тиімді орындау үшін қажетті білім, дағдылар мен жеке қасиеттердің жиынтығы ретінде анықталады.

И. П. Иванов өзінің «Педагогикалық құзіреттілік: теориялық негіздер» атты еңбегінде [4, 134-б.] кәсіби құзіреттілік тек қажетті дағдылар жиынтығымен ғана шектелмейтінін атап өтті. Өз қызметіне жеке көзқарас және алған білімдерін іс жүзінде қолдану қабілеті де маңызды деп көрсетеді.

А. К. Маркованың пайымдауы бойынша, құзіреттілік — бұл адамның кәсіби, дербес және жауапкершілікпен жұмыс істеуге, өз кәсібінің талаптарына сай жұмыс істеуге мүмкіндік беретін жеке қасиеті екенін атап көрсетеді [5, 45-б.].

Сонымен қатар студенттердің әртүрлі білім беру және мәдени бастамаларға қатысуы олардың мәдениетаралық қарым-қатынас дағдыларын дамытуға ықпал етеді, әртүрлі мәдениеттердегі адамдармен қарым-қатынас кезінде пайда болатын стереотиптер мен кедергілерді жеңуге көмектеседі. К. М. Левитан өз кезегінде құзіреттілікті белгілі бір деңгейде білім алған маманның жеке басының интегративті сапасы ретінде қарастырады және оның осы қызметтің әлеуметтік маңыздылығын ескере отырып, табысты кәсіби қызметке дайындығы мен қабілеттілігінде көрініс алады [6, 32-б.].

Педагогтің кәсіби құзіреттілігінің құрылымын зерттеумен айналысатын Б. М. Тілеубердиевтің, Г. А. Рысбаеваның, Н. Н. Медетбекованың пікірлері бойынша, «педагогтің кәсіби құзіреттілігінің басым бөлігі педагогтің тұлғасы болып табылады, оның құрылымында: тұлғаның мотивациясы (тұлғаның бағыты және оның түрлері), қасиеттері (педагогикалық қабілеттері, сипаты және оның ерекшеліктері), психологиялық процестері және тұлғаның жай — күйі, тұлғаның интегралдық сипаттамалары (педагогикалық өзін-өзі тану, жеке стиль — шығармашылық әлеуеті ретінде)» [7, 47-50-бб.].

Е. Н. Сағымбаевтың «Қазақстанның білім беру жүйесіндегі инновациялық тәсілдер» жұмысында интернационалдандырудың негізгі аспектісі отандық білім беруді әлемдік стандарттарға бейімдеу болып табылады, ол түлектердің бәсекеге қабілеттілігін арттыру мәселесін қарастырған [8, 45-б.].

Жоғары білімді интернационалдандыру білім беру мекемелерін басқару тәсілдерін де өзгертеді. Бұл процесс халықаралық, мәдениетаралық және жаһандық өлшемдерді университеттердің негізгі функцияларына біріктіруге бағытталған стратегия болып табылады. Шетел ғалымдарының пікірін қарастыратын болсақ, Джейн Найт интернационалдандыруды тек білім беру процесі ретінде ғана емес, сонымен қатар ғылыми зерттеулер мен халықаралық серіктестер ынтымақтастығы сияқты аспектілерді де қамтитынын атап көрсетеді [9, 17–19-бб.].

Роберт Кулен болса студенттердің ұтқырлығы мен білім беру ортасының жаһандануы халықаралық өзара әрекеттесуді кеңейтуге жаңа мүмкіндіктер ашады деп санайды [10, 8–10–66.].

Интернационалдандырудың негізгі бағыттарының бірі - шетелдік университеттермен бірлескен білім беру бағдарламаларын құру болды. Мұндай бағдарламалар студенттерге халықаралық дәрежедегі дипломдар алуға және кәсіби қызметінде қолдана алатын ең жақсы әлемдік тәжірибелерді қабылдауға мүмкіндік береді.

Бұл процесте академиялық ұтқырлық ерекше рөл атқарады. Өз кезегінде білім алмасуға ықпал етіп қана қоймай, мәдениеттер арасында көпір салуға көмектеседі. Атап айтсақ, Берлин коммуникесінде (2003 ж.) қарастырылған, онда студенттер мен оқытушылардың ұтқырлығы халықтар арасындағы түсіністікті нығайтуға көмектеседі [11].

Жоғары білімді интернационалдандыру жағдайында студенттердің кәсіби құзіреттілігін қалыптастырудың рөлін зерттеу ұлттық білім беру жүйелерінің әлемдік кеңістікке интеграциялануын қамтамасыз ете отырып, білім беру бағдарламаларын дамытудың перспективалық бағыттарын анықтауға ықпал етеді [12].

Материалдар мен әдістері

Зерттеудің әдіснамалық негізі «кәсіби құзіреттілік», «академиялық ұтқырлық» және «жоғары білім беруді интернационалдандыру» ұғымдарының мазмұнын ашуға мүмкіндік беретін тәсілдер мен тұжырымдамалар болып табылады. Зерттеу барысында жоғары білім беруді интернационалдандыруға, студенттерді кәсіби даярлауға, сондай-ақ интернационалдандыру жағдайында құзіреттерді қалыптастыру мәселелеріне арналған қазақстандық және шетелдік авторлардың ғылыми әдебиеттерін зерделеу және талдау жүргізілді.

Кәсіби дайындықтың заманауи зерттеулерінде әртүрлі салалардағы табысты қызмет үшін қажетті білімнің және дағдылардың кең спектрін қамтитын құзіреттілік тұжырымдамасына ерекше назар аударылады. Әртүрлі ғалымдар білім беру процесінде олардың маңыздылығын көрсете отырып, құзіреттіліктердің жіктелуін ұсынады. Осы тұжырымдаманы ескере отырып, И. А. Зимняя студенттердің кәсіби дайындығы мен заманауи талаптарға бейімделуінің негізін құрайтын бірнеше құзіреттіліктердің түрлерін анықтайды.

Ол өзінің классификациясында табысты білім беру және кәсіби қызмет үшін қажетті құзіреттерге назар аударады. Құзіреттердің негізгі түрлеріне мыналар жатады:

1-кесте – И. А. Зимняя бойынша құзіреттілік түрлері:

№	Түрі	Анықтамасы
1	Құндылық-семантикалық құзіреттер	Олар жеке және әлеуметтік мақсаттарды білу және тұжырымдау, құндылықтар жүйесін бағдарлау қабілетін көрсетеді. Интернационализация жағдайында бұл мәдени әртүрлілік пен этикалық принциптерді құрметтеуде көрінеді.
2	Жалпы мәдени құзіреттер	Тұлғаның мәдени және дүниетанымдық дамуымен байланысты, бұл көпұлтты ортада жұмыс істеу үшін маңызды. Мысалы, әртүрлі халықтардың мәдени дәстүрлерін білу және оларды кәсіби қызметте қолдану мүмкіндігі.
3	Оқу-танымдық құзіреттер	Өз бетінше білім алу, заманауи ақпарат көздерін, соның ішінде мәдениетаралық ақпарат көздерін пайдалану қабілетіне жауап береді. Интернационалдандыру контекстінде - бұл көптілді және көпұлтты білім беру ортасында білім алу мүмкіндігі.
4	Коммуникативтік құзіреттер	Әртүрлі әлеуметтік және кәсіби жағдайларда тиімді өзара әрекеттесу мүмкіндігі. Халықаралық ортада бұл шет тілдерін және мәдениетаралық коммуникация дағдыларын меңгеруді қамтиды.
5	Ақпараттық құзіреттер	Ақпаратпен, әсіресе цифрлық ортада жұмыс істей білу. Интернационалдандыру үшін - бұл халықаралық ақпарат көздерін талдау, іздеу және қолдану дағдысы.
6	Әлеуметтік-еңбек құзіреттері	Халықаралық стандарттарды қоса алғанда, кәсіби орта талаптарына бейімделу қабілеті.
7	Жеке құзіреттер	Жаһандану жағдайында жұмыс істеу үшін маңызды болып табылатын мақсаттар қою, олардың дамуын басқару, өзгерістерге бейімделу мүмкіндігі.

И.А. Зимняя аталған құзіреттілік түрлері студенттердің кәсіби дайындығының негізі ғана емес, сонымен қатар олардың заманауи шындыққа сәтті бейімделуінің маңызды шарты болып табылатындығын атап көрсетеді. Жоғары білім беруді интернационалдандыру жағдайында бұл құзіреттер студенттерге халықаралық кәсіби қоғамдастыққа бейімделуге, әртүрлі мәдениеттердің өкілдерімен тиімді қарым-қатынас жасауға және кәсіби мәселелерді шешудің жаңа тәсілдерін игеруге мүмкіндік береді [13, 34–42-бб.].

И. А. Зимняя ұсынған құзіреттердің жіктелуі жаһандық ортада жұмыс істеуге дайын жоғары білікті мамандарды қалыптастыруға бағытталған білім беру бағдарламаларын әзірлеу үшін әдіснамалық негіз болып табылады.

Жоғарыда аталған құзіреттіліктердің жалпы жіктелуін негізге ала отырып, зерттеу барысында олардың мазмұны мен өзара байланысы авторлық нұсқада қарастырылды. Осы тұрғыдан алғанда, авторлық нұсқада жеке тұлғаның құзыреттіліктер жіктемесі тек кәсіби білім мен дағдыларды ғана емес, сонымен бірге мәдениетаралық коммуникацияны, көптілді ортада бейімделу қабілетін, көшбасшылық және цифрлық құзіреттіліктерді де қамтиды. Сауалнама студенттердің халықаралық кәсіби ортада табысты жұмыс істеуі үшін маңызды деп санайтын негізгі құзіреттіліктерін анықтауға бағытталған. Жұмыс мақсаттарына қол жеткізу үшін теориялық талдау және салыстырмалы әдістер, сондай-ақ сауалнама деректері мен алынған нәтижелер пайдаланылды.

Сауалнамаға Ә. Марғұлан атындағы Павлодар педагогикалық университетінің «Шетел тілі: екі шет тілі» білім беру бағдарламасының студенттері қатысты. Қатысушыларға халықаралық ортада кәсіби өсу үшін ең маңызды деп санайтын 3 құзіретті таңдау ұсынылды. Сауалнама халықаралық ортадағы кәсіби өсу үшін әртүрлі құзіреттердің маңыздылығын зерттеу мақсатында жүргізілді. Сонымен қатар халықаралық деңгейде табысқа жету үшін қандай білім мен дағдылар және жеке қасиеттерге көбірек сұраныс бар екенін анықтауға мүмкіндік береді.

Нәтижелер және талқылау

Жоғары білім беруді интернационалдандыру жағдайында студенттердің кәсіби құзіреттілігін қалыптастыру бәсекеге қабілетті білім беру кеңістігін құру үшін өте маңызды.

Интернационалдандыру білім беру мекемелерін басқару тәсілдерін өзгертеді. Бұл процесс университеттердің негізгі функцияларын халықаралық, мәдениетаралық және жаһандық өлшемдерді кіріктіруге бағытталған стратегия болып табылады.

Осы тұрғыда халықаралық ортада табысқа жету үшін құзіреттіліктердің маңыздылығы анықталды. Студенттердің сауалнамасы кәсіби дамуға және халықаралық қоғамдастықта табысқа жетуге ықпал ететін негізгі құзіреттерді анықтауға мүмкіндік береді.

Жоғары білімді интернационалдандыру жағдайында кәсіби құзіреттіліктердің маңыздылығын айқындауға арналған авторлық сауалнама:

1 Лингвистикалық құзіреттілік (шет тілдерін меңгеру деңгейін жақсарту);

2 Мәдениетаралық құзіреттілік (мәдени айырмашылықтарды түсіну және құрметтеу, көпұлтты ортада жұмыс істеу);

3 Коммуникативтік құзіреттілік (мәдениетаралық қарым-қатынас, іскерлік және академиялық коммуникация дағдылары);

4 Кәсіби құзіреттілік (халықаралық контексте мамандық бойынша білім мен дағдыларды қолдану);

5 Бейімделу құзіреттілігі (жаңа жағдайлар мен білім беру ортасына тез бейімделу қабілеті);

6 Көшбасшылық құзіреттілік (топты басқару, халықаралық ортада шешім қабылдау қабілеті);


7 Академиялық құзіреттілік (білім берудің халықаралық стандарттарын білу, сыни тұрғыдан ойлау, ғылыми зерттеулер жүргізу және шетелдік дерек көздермен жұмыс істеу қабілеті);

8 Ақпараттық-сандық құзіреттілік (сандық технологиялармен жұмыс істей білу, онлайн-ортада ақпаратты талдау және сыни бағалау)

9 Зерттеу құзіреттілігі (халықаралық ғылыми дерек көздермен жұмыс істеу дағдылары, зерттеулерге қатысу);

10 Әлеуметтік құзіреттілік (командада жұмыс істей білу, басқалармен байланыс орнату, көпұлтты ортада тиімді қарым-қатынас жасау);

Сауалнамаға 87 студент қатысып, нәтижесінде халықаралық ортада кәсіби өсу үшін қандай құзіреттер ең маңызды болып саналатыны анықталды.



1-сурет – Жоғары білімді интернационалдандыру жағдайында кәсіби кәсіптіктерінің маңыздылығы

Диаграмма студенттердің кәсіби кәсіптіктерінің бағалау үлесін көрсетеді және кәсіби кәсіптіктерінің маңыздылық деңгейін айқындайды.

2-кесте – Зерттеу нәтижелері

№	Кәсіптік түрі	Студенттер саны (n)	Пайыз, %
1	Лингвистикалық	65	74,7
2	Мәдениетаралық	58	66,7
3	Коммуникативтік	54	62,1
4	Кәсіби	47	54,0
5	Бейімделу	39	44,8
6	Көшбасшылық	31	35,6
7	Академиялық	28	32,2
8	Ақпараттық-сандық	25	28,7
9	Зерттеу	21	24,1
10	Әлеуметтік	19	21,8
	Барлығы / Орташа	87	44,47

Сауалнама тұжырымдамалары негізінде халықаралық ортада табысты кәсіби өсу үшін әртүрлі кәсіптіктер кешені маңызды екені айқындалды және нәтижелері студенттердің кәсіби дамуына ықпал ететін басым кәсіптіктерді анықтауға мүмкіндік береді.

Лингвистикалық кәсіптік – 74,7 % (65 студент).

Студенттер шет тілдерін меңгеруді кәсіби қызметтің басты шарты деп санайды. Бұл құзіреттіліктің жоғары бағалануы халықаралық ынтымақтастықта тиімді коммуникацияның, кәсіби және академиялық мәтіндерді түсіну мен қолданудың негізі екенін көрсетеді.

Мәдениетаралық құзіреттілік – 66,7 % (58 студент).

Мәдени айырмашылықтарды түсіну және көпұлтты ортада белсенді әрекет ету қабілеті маңызды деп танылды. Мәдениетаралық құзіреттілік студенттерге халықаралық ортада кәсіби табысқа жетуге мүмкіндік береді, өйткені әртүрлі мәдениет өкілдерімен өзара әрекеттесу дағдылары негізгі кәсіби талапқа айналды.

Коммуникативтік құзіреттілік – 62,1 % (54 студент).

Коммуникативтік дағдылар студенттерге идеяларын нақты жеткізу, пікір алмасу және академиялық қарым-қатынас жүргізу қабілетін береді. Осы құзіреттіліктің жоғары бағалануы студенттердің көпұлтты ортада қолайлы байланыс орнатуға дайындығын көрсетеді.

Кәсіби құзіреттілік – 54,0 % (47 студент).

Кәсіби құзіреттілік терең білім мен кәсіби дағдыларды қамтиды. Халықаралық ортада табысқа жету үшін бұл құзіреттілік маңызды, себебі ол нақты кәсіби міндеттерді шешу қабілетін қамтамасыз етеді. Терең білім мен кәсіби дағдылар қамтылады. Көлемді табысқа жету үшін бұл құзіреттілік маңызды, себебі ол нақты кәсіби міндеттерді шешу қабілетін қамтамасыз етеді.

Бейімделу құзіреттілігі – 44,8 % (39 студент).

Жаңа жағдайларға тез бейімделу қабілеті халықаралық ортада табысқа жету үшін қажет.

Көшбасшылық құзіреттілік – 35,6 % (31 студент).

Команданы басқару және шешім қабылдау қабілеті, әсіресе халықаралық және жобалық жұмыста маңызды болып табылады.

Академиялық құзіреттілік – 32,2 % (28 студент).

Ғылыми зерттеу жүргізу, сыни ойлау және халықаралық дереккөздермен жұмыс істеу қабілеттері кәсіби дамудың негізі болып табылады.

Ақпараттық-сандық құзіреттілік – 28,7 (25 студент).

Сандық технологиялар мен онлайн-ресурстарды тиімді пайдалану кәсіби қызметтің заманауи талабы. Сандық технологиялар дағдылары жеткіліксіз деңгейде қалыптасқан. Бұл бағытқа ерекше назар аудару қажет екені көрінеді.

Зерттеу құзіреттілігі – 24,1 % (21 студент).

Халықаралық ғылыми дереккөздермен жұмыс жасау дағдылары төмен бағаланған. Бұл көрсеткіш қалыптастырушы кезеңде зерттеу қабілеттерін дамыту маңызды екенін білдіреді.

Әлеуметтік құзіреттілік – 21,8% (19 студент).

Топта жұмыс істеу қабілетінің төмен деңгейі студенттердің көпұлтты ортада байланыс орнатуға кедергі болуы мүмкін.

Статистикалық талдау барысында зерттеу нәтижелері Стьюденттің t-критерийі бойынша өңделіп, төменде берілген формула арқылы есептелді:

2-кесте 2 – Студенттердің кәсіби құзіреттіліктерін бағалау нәтижелерінің Стьюденттің t-критерийі бойынша статистикалық көрсеткіштері:

Көрсеткіш	Белгісі	Мәні
Орташа мән	$\bar{X}$	44,47
Теориялық орташа	μ_0	50
Стандарттық ауытқу	s	17,19
Үлгі саны	n	10
Есептелген t	$t_{\text{эмп}}$	-1,02
Критикалық мән ($p=0,05$)	$t_{\text{кр}}$	$\pm 2,262$
Шешім	-	Н ₀ қабылданады

Берілген формула студенттердің кәсіби құзіреттіліктерінің орташа деңгейінің теориялық 50 % мәнінен айырмашылығын анықтау мақсатында қолданылды. $t_{\text{эмп}} = -1,02 < t_{\text{кр}} = \pm 2,262$ болғандықтан, нөлдік гипотеза қабылданады. Бұл студенттердің кәсіби құзіреттіліктерінің орташа деңгейі 50 % статистикалық тұрғыда елеулі айырмашылығы жоқ екенін көрсетеді. Дегенмен орташа көрсеткіштің төмен бағытта болуы студенттердің кәсіби құзіреттіліктерін жетілдіру қажеттілігін дәлелдейді.

Практикалық зерттеу нәтижелері студенттердің кәсіби құзіреттіліктерінің орташа деңгейі 44,47 % екенін және бұл көрсеткіштің интернационалданған орта талаптарынан төмен екенін көрсетті. Алынған мәліметтерге сәйкес жоғары деңгейде қалыптасқан құзіреттіліктер қатарына лингвистикалық, мәдениетаралық және коммуникативтік дағдылар жатады. Бұл құзіреттіліктер интернационалдандыруға бағытталған білім беру кеңістігінде тиімді кәсіби әрекет пен өзара түсіністікті қамтамасыз етудің негізгі факторы болып табылады. Сонымен қатар бейімделу, көшбасшылық, академиялық, ақпараттық-сандық, зерттеу және әлеуметтік құзіреттіліктер төмен деңгейде бағаланған. Бұл айырмашылық студенттердің жаһандық орта талаптарына толық бейімделуі үшін аталған бағыттарда қосымша дамытушылық жұмыстарды қажет ететінін көрсетеді. Стьюденттің t-критерий нәтижесі айырмашылықтың статистикалық тұрғыдан мәнді еместігін айқындады ($t_{\text{эмп}} = -1,02$, $p > 0,05$).

Сондықтан зерттеу нәтижелеріне сүйене отырып, студенттердің кәсіби құзіреттіліктерін жетілдіру мақсатында келесі практикалық ұсыныстар жасалды:

- тілдік және мәдениетаралық құзіреттерді дамыту бойынша студенттердің шет тілдік және мәдениетаралық тәжірибесін арттыру үшін халықаралық жобалар мен академиялық ұтқырлық бағдарламаларына қатысу мүмкіндіктерін кеңейту;

- коммуникативтік және көшбасшылық дағдыларды жетілдіру: арнайы тренингтер мен топтық жобалар ұйымдастыру арқылы кәсіби өзара әрекет дағдыларын дамыту;

- ақпараттық-сандық сауаттылықты арттыру: заманауи цифрлық құралдармен жұмыс істеуді үйрететін элективті курстар мен практикумдарды оқу жоспарына енгізу;

- академиялық және зерттеу құзіреттерін дамыту: студенттерді ғылыми жобаларға, конференцияларға және зерттеу топтарына белсенді тарту.

Бұл шаралар студенттердің кәсіби әлеуетін кешенді түрде қалыптастырып, олардың халықаралық ортада табысты бейімделуіне жағдай жасайды.

Жүргізілген практикалық зерттеу нәтижелері интернационалдандыру жағдайында студенттердің кәсіби құзіреттіліктерін кешенді қалыптастырудың өзектілігін дәлелдейді. Осыған байланысты кәсіби даярлық жүйесінде аталған құзіреттерді мақсатты түрде дамыту студенттердің жаһандық білім беру кеңістігінде бәсекеге қабілетті тұлға ретінде қалыптасуына елеулі үлес қосады.

Қорытынды

Жоғары білім беруді интернационалдандыру мен студенттердің кәсіби құзіреттілігін дамыту ұлттық білім беру жүйесін әлемдік кеңістікке интеграциялауға, оның сапасы мен бәсекеге қабілеттілігін арттыруға ықпал етеді. Бұл үдерісте студенттердің негізгі құзіреттіліктерін, соның ішінде мәдени, тілдік, сыни ойлауды, әлеуметтік бейімделуді және жеке дамуды қалыптастыру ерекше маңызды.

Негізгі теориялық білімдердің, практикалық дағдылардың, мәдениетаралық және тілдік қабілеттердің, сондай-ақ цифрлық құзіреттіліктің кешенді дамуы түлектерге тек қана әлемдік еңбек нарығында бәсекеге қабілетті болуға емес, сонымен қатар тез өзгеретін әлеуметтік-экономикалық және технологиялық жағдайда кәсіби өзін-өзі жүзеге асыруға мүмкіндік береді. Халықаралық білім беру стандарттарын енгізу, академиялық ұтқырлықты белсенді дамыту, цифрлық платформаларды пайдалану және оқу үдерісіне мәдениетаралық өзара әрекеттесуді кіріктіру жаңа буын мамандарын – икемді, креативті, технологиялық сауатты және көпұлтты топтарда тиімді жұмыс істей алатын тұлғаларды даярлауға ерекше мүмкіндік жасайды.

Осылайша, білім беру үдерісін интернационалдандыру кадрларды даярлау сапасын арттырудың ғана емес, сонымен бірге елдің жаһандық білім беру және кәсіби кеңістіктегі позициясын нығайтудың қуатты құралы болып табылады. Мұндай тәсілдерді іске асыру түлектердің әлемдік деңгейде табысты бәсекелесуіне және экономика, ғылым мен мәдениетті дамытуға елеулі үлес қосуына мүмкіндік береді.

Пайдаланылған деректер тізімі

1 **Дмитриева, Е. С.** Культурная компетентность и её значение в профессиональном образовании [Текст] // Педагогика и психология. – 2016. – № 3. – С. 112–118.

2 **Guillén-Yparrea, M., Ramírez-Montoya, M. S.** Intercultural competence in higher education: A systematic review from Scopus database [Text]. // Cogent Education. – 2023. – Vol. 10. – № 1. – P. 1–18. – <https://doi.org/10.1080/2331186X.2023.2167360>.

3 **Li, C., Mahadi, B.** A bibliometric literature review on trends in the internationalization of higher education [Text]. International Journal of Learning, Teaching and Educational Research. – 2024. – Vol. 23, № 9. – P. 379–395. – <https://doi.org/10.26803/ijlter.23.9.21>.

4 **Иванов, И. П.** Педагогическая компетентность : теоретические основы [Текст]. – Москва : Изд-во Академии образования, 2020. – 250 с.

5 **Маркова, А. К.** Психология профессионализма [Текст]. – Минск, 1994. – 212 с.

6 **Левитан, К. М.** Юридическая педагогика : учебник [Текст]. – М., 2008. – 432 с.

7 **Тлеубердиев, Б. М., Рысбаева, Г. А., Медетбекова, Н. Н.** Профессиональная компетентность педагога [Текст] // Международный журнал экспериментального образования. – 2013. – № 10(1). – С. 47–50. [Электронный ресурс]. – <http://expeducation.ru/ru/article/view?id=4119>

8 **Сағымбаева, Е. Н.** Инновационные подходы в образовательной системе Казахстана [Текст]. – Алматы : Изд-во «Ғылым», 2018. – 152 с.

9 **Knight, J.** Internationalization of Higher Education : Practices and Priorities // International Association of Universities. – 2003. – P. 124.

10 **Kulen, R.** Globalization and international education : challenges and perspectives / R. Kulen. – London : Routledge. 2016. – 312 p.

11 Берлинское коммюнике министров образования европейских стран. Создание общего пространства высшего образования. – Берлин, 2003. [Электронный ресурс]. – <https://www.ehea.info/page-berlin-2003>

12 **Мельникова, Т. В.** Интеграция национальных образовательных систем в мировое образовательное пространство [Текст] // Высшее образование в России. – 2019. – № 2. – С. 45–51.

13 **Зимняя, И. А.** Ключевые компетенции новая парадигма результата образования // Высшее образование сегодня. – 2003. – № 5. – С. 34–42.

References

1 **Dmitrieva, E. S.** Kul'turnaya kompetentnost' i eyo znachenie v professional'nom obrazovanii [Cultural competence and its importance in vocational education] [Text]. // Pedagogy and psychology. – 2016. – № 3. – P. 112–118.

2 **Guillén-Yparrea, M., Ramírez-Montoya, M. S.** Intercultural competence in higher education: A systematic review from Scopus database [Text]. – Cogent Education. – 2023. – Vol. 10, – № 1. – P. 1–18. – <https://doi.org/10.1080/2331186X.2023.2167360>.

3 **Li, C., Mahadi, B. A.** bibliometric literature review on trends in the internationalization of higher education [Text]. International Journal of Learning, Teaching and Educational Research. – 2024. – Vol. 23, – № 9. – P. 379–395. – <https://doi.org/10.26803/ijlter.23.9.21>.

4 **Ivanov, I. P.** Pedagogicheskaya kompetentnost': teoreticheskie osnovy' [Pedagogical competence : theoretical foundations] [Text] – Moscow : Izd-vo Akademii obrazovaniya, 2020. – 250 p.

5 **Markova, A. K.** Psixologiya professionalizma [The psychology of professionalism] [Text]. – Minsk, 1994. – 212 p.

6 **Levitan, K. M.** Yuridicheskaya pedagogika: uchebnik [Legal pedagogy : a textbook] [Text]. – M., 2008. – 432 p.

7 **Tleuberdiev, B. M., Ry'sbaeva, G. A., Medetbekova, N. N.** Professional'naya kompetentnost' pedagoga [Professional competence of the teacher] [Text]. // International Journal of Experimental Education. – 2013. – 10(1). – P. 47–50. [Elektronic resource]. – <http://expeducation.ru/ru/article/view?id=4119>.

8 **Sagy'mbaeva, E. N.** Innovacionny'e podkhody' v obrazovatel'noj sisteme Kazakhstana [Innovative approaches in the educational system of Kazakhstan] [Text]. – Almaty: Izd-vo «Gy'ly'm», 2018. – 152 p.

9 **Knight, J.** Internationalization of Higher Education: Practices and Priorities: 2003 IAU Survey Report. – Paris: International Association of Universities, 2003. – 124 p.

10 **Kulen, R.** Globalization and international education: challenges and perspectives. // London: Routledge, – 2016. – 312 p.

11 Berlinskoe kommyunike ministrov obrazovaniya evropejskix stran. Sozdanie obshhego prostranstva vy'sshego obrazovaniya. – Berlin, 2003. – [Electronic resource] – <https://www.ehea.info/page-berlin-2003>

12 Mel'nikova, T. V. Integraciya nacional'ny'x obrazovatel'ny'x sistem v mirovoe obrazovatel'noe prostranstvo [Integration of national educational systems into the global educational space] [Text]. // Higher education in Russia. – 2019. – № 2. – P. 45–51.

13 Zimnyaya, I. A. Klyuchevy'e kompetencii – novaya paradigma rezul'tata obrazovaniya [Key competencies a new paradigm of educational outcome] [Text]. // Higher education today. – 2003. – № 5. – P. 34–42.

04.02.25 ж. баспаға түсті.

15.11.25 ж. түзетулерімен түсті.

25.11.25 ж. басып шығаруға қабылданды.

*Б. К. Жумакельдина

Педагогический университет имени Ә. Марғұлан,

Республика Казахстан, г. Павлодар.

Поступило в редакцию 04.02.25.

Поступило с исправлениями 15.11.25.

Принято в печать 25.11.25.

РОЛЬ ФОРМИРОВАНИЯ ПРОФЕССИОНАЛЬНОЙ КОМПЕТЕНТНОСТИ СТУДЕНТОВ В УСЛОВИЯХ ИНТЕРНАЦИОНАЛИЗАЦИИ ВЫСШЕГО ОБРАЗОВАНИЯ

В статье рассматривается процесс формирования профессиональной компетентности студентов в условиях интернационализации высшего образования. Интернационализация понимается как процесс интеграции образовательных систем в глобальное пространство, предполагающий развитие академической мобильности, внедрение международных стандартов обучения и повышение конкурентоспособности. Профессиональная компетентность определяется как совокупность знаний, навыков и личностных качеств, обеспечивающих способность студентов эффективно решать профессиональные задачи, особенно в межкультурной среде. Важное место занимает развитие межкультурной коммуникации, коммуникативной

и цифровой компетентности, что способствует подготовке специалистов, готовых к работе в условиях многообразия культур и технологий. Исследование роли формирования профессиональной компетентности студентов, а также создание условий для развития в мировом пространстве станет основой для определения путей развития образовательных программ в будущем и укрепления межкультурных связей.

Интернационализация высшего образования является одной из стратегий, направленных на интеграцию основных функций университетов на международном, межкультурном и глобальном уровнях. Открывает новые возможности для расширения взаимодействия в области сотрудничества научных исследований и международного партнёрства и создания совместных образовательных программ с зарубежными университетами. Особое внимание уделено научной литературе казахстанских и зарубежных авторов, посвящённой интернационализации высшего образования, профессиональной подготовке студентов и формированию компетенций в этих условиях. Анализируются основные виды компетенций, необходимые для успешной интеграции студентов в международное профессиональное сообщество. Подчёркивается значимость использования педагогических подходов, таких как межкультурный, личностно -ориентированный, проблемно-ориентированный и социокультурный, для комплексного развития компетенций студентов.

Ключевые слова: профессиональная компетентность, интернационализация высшего образования, интернационализация, межкультурная компетентность, академическая мобильность, межкультурная коммуникация, профессиональная деятельность.

**K. Zhumakeldina*

Pavlodar Pedagogical University named after A. Margulan,
Republic of Kazakhstan, Pavlodar

Received 04.02.25.

Received in revised form 15.11.25.

Accepted for publication 25.11.25.

THE ROLE OF STUDENTS' PROFESSIONAL COMPETENCE FORMATION IN THE CONTEXT OF INTERNALIZATION OF HIGHER EDUCATION

The article considers the process of forming students' professional competence in the context of the internationalization of Higher Education. Internationalization is understood as the process of integrating educational systems into the global space, which involves the development of academic mobility, the introduction of international teaching standards and increasing competitiveness. Professional competence is defined as a set of knowledge, skills and personal qualities that ensure the ability of students to effectively solve professional tasks, especially in an intercultural environment. An important place is occupied by the development of intercultural communication, communicative and digital competence, which contributes to the training of specialists who are ready to work in the conditions of different cultures and technologies. The study of the role of students' professional competence formation, as well as the creation of conditions for development in the global space, will become the basis for determining ways to develop educational programs in the future and strengthen intercultural relations.

The internationalization of higher education is one of the strategies aimed at integrating the main functions of universities at the international, intercultural and global levels. It opens up new opportunities for expanding cooperation in the field of scientific research and international partnership and the creation of joint educational programs with foreign universities. Particular attention was paid to the scientific literature of Kazakhstani and foreign authors, devoted to the internationalization of Higher Education, Professional Training of students and the formation of competencies in these conditions. The main types of competencies necessary for the successful integration of students into the international professional community are analyzed. The importance of using such pedagogical approaches as intercultural, personality-oriented, problem-oriented and socio-cultural for the integrated development of students' competencies is emphasized.

Keywords: professional competence, internationalization of higher education, internationalization, intercultural competence, academic mobility, intercultural communication, professional development.

Теруге 25.11.2025 ж. жіберілді. Басуға 30.12.2025 ж. қол қойылды.

Электронды баспа

9,42 Kb RAM

Шартты баспа табағы 31,59.

Таралымы 300 дана. Бағасы келісім бойынша.

Компьютерде беттеген З. Ж. Шокубаева

Корректорлар: А. Р. Омарова, Д. А. Қожас

Тапсырыс № 4485

Сдано в набор 21.11.2025 г. Подписано в печать 30.12.2025 г.

Электронное издание

9,42 Kb RAM

Усл.п.л. 32,63. Тираж 300 экз. Цена договорная.

Компьютерная верстка З. Ж. Шокубаева

Корректоры: А. Р. Омарова, Д. А. Қожас

Заказ № 4485

«Toraighyrov University» баспасынан басылып шығарылған

Торайғыров университеті

140008, Павлодар қ., Ломов к., 64, 137 каб.

«Toraighyrov University» баспасы

Торайғыров университеті

140008, Павлодар қ., Ломов к., 64, 137 каб.

8 (7182) 67-36-69

e-mail: kereku@tou.edu.kz

www.pedagogic-vestnik.tou.edu.kz